

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2022-2023 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 1

Құтарыс ауылы

09.09.2022 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 4) Педагог мамандар –14 адам;
- Барлығы: 17 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.

1.Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.

2.Әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын талқылап, бекіту

3.Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.

4.Жаңадан келген балалардың бейімделуі

5.Ата-аналармен жұмыс.

6.Мектепке дейінгі мекемеде инновациялық технологиялар.

7.Ағымдағы мәселелер.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова – жаңа оқу жылындағы педагогикалық үдерістер, педагогтардың құжаттарының талапқа сай жинақталуы туралы айтып өтті. Алдағы оқу жылында бұрығыдай өтпелі тақырыптарға шектелмей үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес міндеттер арқылы атқарылатындығына тоқталды. Перспективалық жоспарды бір айға үлгілік бағдарлама жаңадан өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін бұрынғы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» № 499 бұйрығы негізінде дайындауды тапсырды. Циклограмма және мониторинг Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (*2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама*) «Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты негізінде жүргізу түсіндірілді. Сонымен қатар, өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспары талқыланып, бекітілді. Педагогтардың жаңа оқу жылына арналған партфолиолары жинақталуы қандай бөлімдер бойынша жүргізілуі талқыланып, анықталды. Портфолионы жинақтау тапсырылды. Балалармен жүргізілетін шығармашылық жұмыстардың тақырыптары бекітіліп, осы тақырыптар бойынша жыл бойы атқарылатын жұмыстар талқыланды.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөзін жалғас тырған әдіскер Ж.Исмаилова – 2022-2023 оқу жылының әдістемелік кеңесінде қаралатын мәселелер анықталып, жылдық жоспар түзілді. Онда педагогикалық үдерістер, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі, әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес атқарылатын жұмыстар, педагогтардың өзін-өзі кәсіби дамытуы, іс-тәжірибелер алмасу, мониторинг қортындыларын жасау, шығармашылық жұмыстар тақырыптарын анықтау, әдістемелік инновациялық тәсілдер талқыланып, жоспар бекітілді.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған тәрбиеші Г.Жунусбаева – өзара сабаққа қанысау, тәжірибе алмасу – педагогтардың кәсіби өсуі факторының бірі екендігін айта келіп, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің жоспарын, тәлімгерлер жұмысы, сабаққа қатынасу жоспарларын талқылауды ұсынды. Педагогтар биылғы жылы атқарылатын жұмыстарды талқылай келе, жоспарды бекітуге жіберді.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған психолог Ж.Умирова жаңадан балабақшаға келген балалардың бейімделу кезеңдерін жеңілдету жолдарымен бөлісті. Ең алдымен ата-анамен жұмыс жүргізу, кеңес беру, әңгімелесу қажеттігін айта келіп, балалардың мінез-құлқын анықтауды, балабақшаға алғаш алып келгенде 2 сағатқа ғана тастауын айту қажеттігін түсіндірді. Бала ұзақ мерзімге бірден қалып кеткен жағдайда бейімделу мерзімі созылмалы кезеңге өтіп кетуі мүмкіндігін түсіндірді. Балалар үш кезеңде бейімделуден өтетіндігін жеңіл, орташа және ауыр кезеңдерден өтетіндігін айта келіп, оның ойнайтын ойыншығына мән беру керектігін, ата-аналарының баламен әңгімелесуін, қоршаған ортаға, бөтен адамдарға бейімделу кезеңін бақылауды қатаң ұстануы қажеттігін айтып өтті. Тәрбиешілерге ата-аналармен бала бейімделгенге дейін күнделікті кеңес беру, әңгімелесулері қажеттігін түсіндірді.

Ата-аналармен жұмысты қалай ұйымдастырған дұрыс екендігі жөнінде тәрбиеші Н.Жакипова өзінің жоспарымен таныстырып, бірлесе отырып жұмыс жасауға шақырды. Ата-аналармен жиналыс емес, әр-түрлі тақырыпта дөңгелек үстелдер, ойындар, сауалнамалар, пікір алмасулар өткізу арқылы балабақша өміріне қызықтыру қажеттігін айтып өтті. Биылғы оқу жылына жоспар талқыланып, бекітілді.

Соңғы мәселе бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмайлова - Мектепке дейінгі мекемеде инновациялық технологияларды күн режимі барысында пайдалану, ол үшін инновациялық технологияларды анықтауға көшті. Мәселен, лепбук, ТРИЗ технологиясы, құм терапиясы, кюзинер таяқшалары т.б әдістерді оқу жылы барысында шығармашылық жұмыстармен байланыстыра отырып өтуді тапсырды. Осы инновациялық әдістер арқылы балалардың дағдыларын қалыптастыру жолдарын қарастыру қажеттігін айтып өтті.

Жиналыс шешім етті:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» № 499 бұйрығы негізінде перспектива жоспары қыркүйек айына түзілсін;
2. Циклограмма, мониторинг әдістемелік нұсқаулық хаттың негізінде жүргізілсін;
3. Педагогтардың өзіндік білімін көтеру бойынша жоспар түзілсін;
4. Педагогтардың партфолиосы жинақталсын;
5. Шығармашылық тақырыптары анықталып, жоспар түзілсін;
6. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жоспары бекітілсін;
7. Жаңадан балабақшаға келген балалармен педагогтар, мейірбике және психолог бірлесе бейімделу жұмыстарын жүргізілсін;
8. Ата-аналарға сабақ кестесі, күн тәртібі, ата-аналарға арналған ережелер таныстырылсын;
9. Ата-аналармен жыл бойы атқарылатын жұмыс жоспары бекітілсін;
10. Педагогтар инновациялық технологияларды іс-тәжірибеде жүзеге асырсын, жұмыс барысы туралы есептер дайындалсын;
11. Осы шешімнің орындалуына әдіскер Ж.Исмайлова жауапты болып бекітілсін.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Исмайлова

Ж.Исмайлова

Жиналыс хатшысы:

К.Дарибаева

К.Дарибаева

Құтарыс ауылы

04.11.2022 жыл

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3)
 - 4) Педагог мамандар –10 адам;
- Барлығы: 12 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары

- 1.Алдыңғы әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
- 2.Барлық топтардың тәрбиешілерімен мамандардың жұмыс бағдарламаларының (шығармашылық жоба, вариативтік) сараптама нәтижелері.
- 3.Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту
- 4.«Тәлімгер мектебі» және жас мамандармен жұмыс барысы
5. Ләпбук,таратпа материалдар (көрме)

Әдістемелік кеңес жиынын ашқан әдіскер Ж.Исмаилова – өткен кеңесте қаралған мәселелердің орындалу барысына тоқталды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» № 499 бұйрығы негізінде перспектива жоспары қыркүйек және қазан айларына түзілді, қараша айынан бастап Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» №422 бұйрығына сәйкес перспективалық жоспар қайта түзіліп, жұмыс атқарылуда. Циклограмма, мониторинг әдістемелік нұсқаулық хаттың негізінде жүргізілуде. Педагогтардың өзіндік білімін көтеру бойынша жоспар түзілді, жыл бойы осы жоспар негізінде жұмыс жүргізіледі. Портфолио жинақтау жұмысы ұйымдастырылып, жеті бөлімнен тұратындығы, педагогтардың алдағы уақыттаға жетістіктері енгізіліп отыруы тапсырылды. Педагогтардың жыл бойы шығармашылықпен айналысуы үшін тақырыптары бекітіліп берілді. Аталған тақырыптар бойынша жарты жылдық және жылдық есептер жинақтау жоспарланды. Әдістемелік кеңестің жаңа оқу жылына арналған жоспары бекітіліп, осыған сәйкес жұмыстар атқарылып келеді. Жаңадан балабақшаға келген балалармен бейімделу жұмыстары жүргізілуде, педагогтар, мейірбике және психолог балалармен, олардың ата-аналарымен тығыз жұмыс жасауда. Ата-аналарға сабақ кестелері, күн тәртібі, ата-аналарға арналған ережелер таныстырылды. Ата-аналармен байланысты нығайту мақсатында жоспат түзілді, жыл бойы осы жоспарға сәйкес ата-аналармен байланыс орнату тапсырылды. Педагогтар шығармашылық жұмыстарын ұштастыра отырып күн режимі барысында балалармен ойын арқылы инновациялық әдістерді қолдану жұмыстарын ұйымдастырып келеді. Нәтижелерін жарты жылдық және жылдық есеп барысында көрсету қарастырылды.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөзін жалғастырған әдіскер Ж.Исмаилова - Барлық топтардың тәрбиешілерімен мамандардың жұмыс бағдарламаларының (шығармашылық жоба) сараптама нәтижелері туралы педагогтардың шығармашылық жұмыстарының тақырыптарын қайта атап өтті. Барлығына алдағы уақытта жарты жылдық және жылдық қорытынды есеп жасау тапсырылды. Шығармашылық жұмыстарын күнделікті іс-әрекеттермен байланыстыру, нәтижелері туралы есеп дайындау жүктелді.

Келесі мәселе, дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту жөнінде болды. Заттық-дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта. Заттық- дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына

мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек. Дамытушы орта мыналарды: Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды, инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды, білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді, балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар:

- **қауіпсіз** (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);
- **мазмұнды** (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);
- **бай болуы** (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындар мен жарыстарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы);
- **қолжетімді** (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материалдар, құралдардың қол жетімділігі).;
- **вариативті** (ойын әрекеті, шығармашылық әрекетке, оңаша болуға және басқаларға аймақтардың болуы, сондай-ақ түрлі материалдардың, ойындар, ойыншықтардың және жабдықтардың болуы);
- **көп атқарымды** (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, топта балалардың түрлі әрекеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы);
- **өзгермелі**, (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігінің болуын) қарастыратындығы толыққанды түсіндіріп өтті.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған тәрбиеші Г.Жунусбаева – «Тәдімгерлер мектебі» жұмысының барысы туралы есеп берді. Биылғы оқу жылында қыркүйек айында - Топтардағы құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек көрсету, мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын нормативтік заңды құжаттармен таныстыру, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық бойынша кеңес беру тақырыптары бойынша жұмыстар жүргізіліп, жас мамандардың білімін шыңдау қарастырылды. Ал, қазан айында - 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықпен таныстыру, жас ерекшеліктеріне сәйкес таңғы жаттығуларды өткізу сапқа тұрғызу, ойын картотекаларын, серуен картотекаларын құрастыруды үйрету жұмыстары жүргізілді. Жас мамандармен әлі де атқарылатын жұмыстар жоспарға сәйкес ұйымдастырылатындығы айтылды.

Соңғы мәселе бойынша сөз алған әдіскер Ж.Исмаилова – педагогтардың инновациялық әдістерді меңгеру барысы бойынша ұйымдастырылған «Лепбук, таратпа материалдар» көрмесінің мақсаты мен міндеттерін, атқарылған жұмыстар жөнінде айта келіп, жоғары деңгейде шеберлік танытқан педагогтарға балабақша меңгерушісінің алғыс хатымен табыстауға ұсыныс берді. Көрме өте жоғары деңгейде өткізілді, барлық білім салалары қамтылғандығы айтылды.

Жиналыс шешім етті:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» №422 бұйрығына сәйкес перспективалық жоспар қайта түзілсін;
2. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту жұмыстары ұйымдастырылсын;
3. Топтардың дамытушы ортасын ұйымдастыру мақсатында жарыстар ұйымдастырылсын;
4. Тәлімгерлер мен жас мамандар арасындағы жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілсін;
5. Педагогтардың инновациялық әдістерді меңгеру барысы бойынша ұйымдастырылған «Лепбук, таратпа материалдар» көрмесі нәтижесі шығарылсын;
6. «Лепбук, таратпа материалдар» көрмесі нәтижесіне сәйкес алғыс хатқа ұсыныс дайындалсын;
7. Осы шешімнің орындалуына әдіскер Ж.Исмаилова жауапты болып бекітілсін.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:



К.Дарибаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2021-2022 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 3

Құтарыс ауылы

13.01.2023 жыл

Қатысқандар:

- 1) Д.Муталиева – бөбекжай әдіскері;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Педагог мамандар –16 адам;
- Барлығы: 18 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: Балалардың тілдік қорын дамыту - оқыту процесінде

- 1.Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
- 2.Қазақ тілі пәнінде ТРИЗ технологиясын пайдалану
- 3.Қазақ тілінде қолданылатын тіл дамыту жаттығулары
- 4.Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі
- 5.Мектепке дейінгі ұйымдардың ғимараттары және жер телімдерін безендіруге қойылатын талаптармен таныстыру.
- 6.Балалардың балабақшаға бейімделуі.

Жиынды ашқан әдіскер Д.Муталиева – өткен әдістемелік кеңесте қаралған мәселелердің орындалу барысына тоқталды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» №422 бұйрығына сәйкес перспективалық жоспар қайта түзіліп, жұмыс жүргізілуде. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту жұмыстары ұйымдастырылып, кітап бұрыштары, ұлттық бұрыш әр топта ұйымдастырылды. Балалардың дамуына жағдайлар жасалынуда. Топтардың дамытушы ортасын ұйымдастыру мақсатында жарыстар ұйымдастырылуда, мәселен «Лепбук, таратпа материалдар» көрмесі өткізілді, кітап бұрышына және педагогтар көрнекіліктерін толықтыру мақсатында таратпа материалдары жасалынып, күнделікті пайдаланылатын көрнекіліктер дайындалды. Алдағы уақытта осындай жарыстарды ұйымдастыра отырып, педагогтардың инновациялық әдістерді меңгеруіне ықпал етеміз. «Лепбук, таратпа материалдар» көрмесі нәтижесіне сәйкес алғыс хатқа ұсыныс дайындалып, педагогикалық кеңеске ұсынылды.

Келесі сөз кезегін алған К.Дарибаева - жаңа инновациялық әдістерді қазақ тілін үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқыту, сөздік минимумды үйрету мақсатында ТРИЗ технологиясын пайдалана отырып өткізілді. ТРИЗ технологиясының сөздік қорды үйретудегі нәтижелі тұстарымен бөлісті. ӨТШТ технологиясы сараптау, диагностика және ұқсастық, зерттеу, мәселені шешу, жобалау, болжам жасауды үйретеді. Қатынас саласында ӨТШТ технологиясын пайдаланудың маңыздылығы жөнінде айтып өтті. Балалардың қиялын, логикалық ойлау қабілетін, сөзе сурет ойлап табу, сөздік қорын дамыту ұштастырыла отырып нәтижеге жететіндігі айтылды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша сөз алған психолог Ж.Умирова - Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейіне тоқталды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» №533 бұйрығымен педагогтарды таныстырды. Бұл заңдағы өзгерістер, бұрын біліктілік тестін

тапсырып, сосын барып құжат тапсыратын болса, қазіргі өзгерісте ең бірінші құжат тапсырып, әңгімелесуден өткеннен кейін барып біліктілікті арттыру тестіне жіберілетіндігі. Сонымен қатар, 2021 жылдың желтоқсан айында «педагог» статусы берілгендіктен, биылғы жылы тамыз айында мерзімінен бұрын өтініш берулеріне мүмкіндік бар екендігі айтылды. Оған қажетті құжаттарды түсіндіріп өтті.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған әдіскер Д.Муталиева - Мектепке дейінгі ұйымдардың ғимараттары және жер телімдерін безендіруге қойылатын талаптармен таныстырды. Балабақша ғимаратының талаптары қандай болу қажет, ойын алаңшаларында нендей заттар, құралдар болуы қажеттігі, педагогтардың атқаратын жұмыстары туралы айтып өтті. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның жасақталуы туралы, Нәзипа Құлжанованың еңбектерін айта келіп, «Сондай-ақ өз еңбектерінде баланы жас кезінен бастап табиғат аясында тәрбиелеудің эстетикалық әсерін айта келіп, «Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп, өркендеме» деп, табиғаттың баланы жан-жақты дамытудағы маңыздылығына ерекше тоқталып, «Әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, су құюды үйренсін, сазбалшықтан ойыншықтар жасап үйренсін» деген сөздері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпай, баланы дамыту мен тәрбиелеуде заттық-дамытушы ортаны жасақтауға үлкен мән беру қажеттігін айқындап отырғандығын түсіндірді.

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған психолог Ж.Умирова жаңадан балабақшаға келген балалардың бейімделу кезеңдерін жеңілдету жолдарымен бөлісті. Ең алдымен ата-анамен жұмыс жүргізу, кеңес беру, әңгімелесу қажеттігін айта келіп, балалардың мінез-құлқын анықтауды, балабақшаға алғаш алып келгенде 2 сағатқа ғана тастауын айту қажеттігін түсіндірді. Бала ұзақ мерзімге бірден қалып кеткен жағдайда бейімделу мерзімі созылмалы кезеңге өтіп кетуі мүмкіндігін түсіндірді. Балалар үш кезеңде бейімделуден өтетіндігін жеңіл, орташа және ауыр кезеңдерден өтетіндігін айта келіп, оның ойнайтын ойыншығына мән беру керектігін, ата-аналарының баламен әңгімелесуін, қоршаған ортаға, бөтен адамдарға бейімделу кезеңін бақылауды қатаң ұстануы қажеттігін айтып өтті. Тәрбиешілерге ата-аналармен бала бейімделгенге дейін күнделікті кеңес беру, әңгімелесулері қажеттігін түсіндірді. Осы әдістер бойынша балабақшаға келген балалардың бейімделу кезеңін жеңілдетуге болатындығын тілге тиек етті.

Жиналыс шешім етті:

1. Тәрбиеші К.Дарибаеваның «Қазақ тілі пәнінде ТРИЗ технологиясын пайдалану» тақырыбындағы баяндамасы басшылыққа алынсын;
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бұйрығымен педагогтар таныстырылсын;
3. Педагогтарды мектепке дейінгі ұйымдардың ғимараттары және жер телімдерін безендіруге қойылатын талаптармен таныстырылсын;
4. Жаңадан балабақшаға келген балалармен педагогтар, мейірбике және психолог бірлесе бейімделу жұмыстарын ұдайы қажеттілігіне қарай жүргізілсін;
5. Осы шешімнің орындалуын бақылау әдіскер Д.Муталиеваға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:



Д.Муталиева

Жиналыс хатшысы:



К.Дарибаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2021-2022 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 4

Құтарыс ауылы

10.03.2023 жыл

Қатысқандар:

- 1) Д.Муталиева – бөбекжай әдіскері;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Педагог мамандар –9 адам;
- Барлығы: 11 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: Күзиретті педагог-жаңа формация педагогы

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жаңа формация педагогы-құзыреттілігі қалыптасқан тұлға
4. Педагогтер портфолиосын ресімдеу
5. Өз бетімен білім алу-педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құралы
6. Халық ауыз әдебиеті мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері.

Жиынды әдіскер Д.Муталиева ашып, өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысына тоқталды. ТРИЗ технологиясы оқу процесі барысында барлық топтарда ұйымдастырылуда. Бұл әдістің тиімділігі мен нәтижелері жөнінде есеп беру жоспарлануда. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бұйрығымен педагогтар таныстырылды. Құжаттар жинақтау жұмыстары жүргізілуде. Педагогтарды мектепке дейінгі ұйымдардың ғимараттары және жер телімдерін безендіруге қойылатын талаптармен таныстырылды. Аталған жұмыстар көктем кезеңіне сәйкестендіріліп жүргізілуде. Жаңадан балабақшаға келген балалармен педагогтар, мейірбике және психолог бірлесе бейімделу жұмыстарын ұдайы қажеттілігіне қарай жүргізіп келеді. Алдағы уақытта да бұл жұмыстар үздіксіз жүргізу қарастырылған.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөзін жалғастырған әдіскер Д.Муталиева – «Жаңа формация педагогы-құзыреттілігі қалыптасқан тұлға» тақырыбында баяндама оқыды. Онда, қазіргі таңдағы педагогтарға қойылған талаптар мен олардың атқаратын жұмыстары жөнінде айтылды. Топта эмоционалдық жайлылықты орнату. Балаларға жылы қабақ таныту, барлық балаға мейірімді, кешірімді болу, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне құрметпен қарауды, жетістіктеріне қуана білуді, бастамашылдығына қолдау көрсетуді, оларға сенім артуды, әр бала өзін қауіпсіз сезінуі үшін, мұнда оны жақсы көретініне, оған қамқорлық жасайтынына сенімді болуды, баланың жеке басына құрмет көрсетуді және т. б. білдіреді. Балалардың ұлтына, әлеуметтік статусына, психофизиологиялық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан барлығына бірдей көңіл бөлу және әділ болу. Құбылмалы әлемде педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс. Сапалы маңызды өзара іс-қимыл - педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету болып табылады. Педагог келесі функцияларды атқарады - перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады, «Баланың жеке даму картасын» толтырады, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді, таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады, балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді, ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастықта жүзеге асырады, білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар,

педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.), ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс- шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді» деп жаңа формациядағы педагог тұлғасын толығымен сипаттап, атқаратын жұмыстары туралы да толыққанды баяндады.

Педагогтардың партфолиосын рәсімдеу барысы бойынша сөз алған тәрбиеші Г.Исаева – партфолио жеті бөлімнен тұратындығын, қандай құжаттарды енгізу қажеттігін, шығармашылық жұмыстары, жетістіктері, тәрбиеленушілер жетістіктері, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері туралы толық мәлімет беріп өтті. Қазіргі таңда жинақталған жұмыстар мен алдағы уақытта атқарылатын іс-әрекеттер туралы да айтып өтті.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған әдіскер Д.Муталиева - Өз бетімен білім алу-педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құралы екендігін айта келіп, педагогтардың біліктілігін арттыру барысы туралы есеп берді. Биылғы оқу жылында біліктілігін арттыру курсына баратын педагогтар туралы айта келіп, өз бетімен білімін шыңдау мақсатында атқарылған жұмыстарға да шолу жасады. Педагогтардың шығармашылық жұмыстары, мақалалары жөнінде айтып өтті.

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөзін жалғастырған әдіскер Д.Муталиева - Халық ауыз әдебиеті мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері екендігін айта келіп, балабақшада халықтық педагогика төңірегінде атқарылған жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ, алдағы «22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне орай атқарылатын жұмыстарды тарата айта келіп, топ жетекшілерінің наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік сценарийлерін бекітуді ұсынды.

Жиналыс шешім етті:

1. Әдіскер Д.Муталиеваның «Жаңа формация педагогы-құзыреттілігі қалыптасқан тұлға» тақырыбындағы баяндамасы басшылыққа алынсын;
2. Педагогтардың партфолиосы әрі қарай жинақталып, толықтырылсын;
3. Педагогтардың біліктілігін арттыру курсынан өтуі ұйымдастырылсын;
4. Педагогтардың шығармашылық жұмыстарының есебі дайындалсын;
5. Жаңадан балабақшаға келген балалармен педагогтар, мейірбике және психолог бірлесе бейімделу жұмыстарын ұдайы қажеттілігіне қарай жүргізісін
6. Осы шешімнің орындалуын бақылау әдіскер Д.Муталиеваға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:



Д.Муталиева

Жиналыс хатшысы:



К.Дарибаева